

БЕКІТЕМІН



«Қыздарда медициналық жоғары
қолледжі» ШЖҚ КМК директоры
Ж.А. Калмакова

« 01 » 20 26 ж

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ЖӨНІНДЕГІ МЕНЕДЖЕР ЛАУАЗЫМДЫҚ НҮСҚАУЛЫҒЫ

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер өз қызметінде
- Қазақстан Республикасы мемлекеттік сатып алу мәселелерін реттейтін Заңнамалық және өзге де нормативтік-құқықтық актілер,
 - менеджмент, маркетинг және экономика негіздері,
 - баға белгілеу әдістері, стратегиясы және тактикасы,
 - құжаттарды дайындау бойынша компьютерлік технологиялар және бағдарламалық қамтамасыз ету,
 - кәсіпорынның жарғысын басшылыққа алады.
- 1.2. Өз қызметінде менеджер қолданыстағы заңдылықтарға сәйкес директордың бұйрығымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.
- 1.3. Өз қызметінде мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер тікелей колледж директорына бағынады.
- 1.4. Мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер төмендегі мәселелерді білуі тиіс:
- ішкі еңбек тәртібін,
 - еңбек мәдениеті мен қызмет этикасын,
 - құжаттармен жұмыс, құжаттамаларды жинақтап құрастыру,
 - еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын, өртке қарсы, санитарлық нормаларды техника қауіпсіздігі ережелерін.
- 1.5. Осы қызметтік нұсқауды басшылыққа алып, жұмыс жасайды.

2. Біліктілікке қойылатын талаптар

Тиісті мамандық бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс стажы болуы тиіс.

3. Мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджердің міндеттері.

- 3.1. Мемлекеттік сатып алу Заңының нормаларынан туындайтын қызметтерді уақытында және сапалы орындауды өз міндетіне алады.

- 3.2. Мемлекеттік сатып алу бойынша жұмыстар мен қызметтерді жүргізу туралы ақпаратты уақытында интернет ресурстарына орналастыру, веб – порталмен жұмыстар жүргізу.
- 3.3. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалысын қамтамасыз ету.
- 3.4. Кәсіпорын басшысының және тікелей бөлім басшысының тапсырмаларын орындау.
- 3.5. Тиісті хаттар мен тапсырмаларға уақытында жауап беруге міндетті.
- 3.6. Мемлекеттік сатып алу жүргізуіне жауап беруге міндетті.
- 3.7. Өнімді Мемлекеттік сатып алу туралы нарықтық зерттеулер жүргізеді.
- 3.8. Конкурстар, баға ұсыныстарын сұрату, Электрондық сатып алулар туралы ақпаратқа талдау жүргізуге, ұйым басшылығы үшін конкурстарға қатысу бойынша ұсынымдар әзірлеуге, өнім берушілер туралы деректер банкін құруға және қолдауға, Тапсырыс берушілермен келіссөздер жүргізуді жүзеге асыруға, конкурстық құжаттаманы, тапсырыс берушіден өтінімдерді алуды жүзеге асыруға, сатып алу іс-шаралары үшін техникалық құжаттаманы әзірлеуге қатысады.
- 3.9. Мемлекеттік сатып алу сайттарының мониторингін жүзеге асырады.
- 3.10. Дайындалған құжаттарды конкурстық комиссияға ұсынады.
- 3.11. Ұйым қатысатын конкурстар мен баға ұсыныстарының нәтижелеріне бақылау жүргізеді, ұйымға тендерге қатысуға жіберу туралы хаттамалар, тендер жеңімпазын таңдау туралы хаттамалар алады, мемлекеттік сатып алу конкурсы туралы алынған нәтижелерді талдайды, қайталама конкурс, баға сұранысы туралы ақпарат алады.
- 3.12. Конкурстық құжаттарды дайындайды, әлеуетті өнім берушілер туралы ақпаратты іздеуге арналған өтінімге қатысады.
- 3.13. Мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстар ұйымдастырады және өткізеді.
- 3.14. Конкурстық құжаттаманы жүргізуді жүзеге асырады.
- 3.15. Мемлекеттік сатып алу жоспарын жасайды.
- 3.16. Өтінімдерді Мемлекеттік сатып алу сайттарына орналастырады.
- 3.17. Конкурс бойынша шарттарға қол қою мерзімін үйлестіреді.
- 3.18. Уақытылы есептілікті қамтамасыз етеді.
- 3.19. Еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын сақтайды.

4. Мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджердің құқықтары.

- 4.1. Кәсіпорыннан өз қызметіне қатысты мәліметтерді талап етуге.
- 4.2. Лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес, жүктелген міндеттерімен байланысты жұмыстың жақсаруы, жетілдіру мәселесі бойынша өз ұсынысын беруге.
- 4.3. Өз құзіреті шегінде құжаттарға қол қоюға
- 4.4. Өз әрекетіне байланысты басшылықтың шешімдерімен танысуға

5. Мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджердің жауапкершілігі.

- 5.1. Осы лауазымдық нұсқаулықта көзделген өз лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны немесе орындамағаны үшін - Қазақстан

